

**Балабақшаның білім беру қызметіне жүргізілген
өзін-өзі бағалаудың қорытындысы**

"Balaqa Adal Qyzmet" ЖШС «Меруерт» балабақшасы

Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе облысы,
Ақтөбе қаласы, АНГРЭ-1 С/к, 93 үй

30.06.2026ж.
сағат: 15.00

Балабақша білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі – Заң), «Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығын басшылыққа алды.

Балабақша меңгерушісінің 2026 жылдың 01 маусымдағы №1 (н/к) бұйрығымен балабақшаның білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау келесі құрамда жүргізілді:

1. А.Г.Әжібаева-балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы;
2. Е.Б.Баймұханова-балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Ж.Т.Амзина-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
4. Н.М.Саркұлова-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. С.Ж.Қанатова-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Балабақшаны зерттеудің негізгі объектілері келесідей жағдайда жүргізілді:

- жалпы сипаттама, оның ішінде білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер;
- кадрлық құрам, оның ішінде кадрлық әлеуетке талдау;
- тәрбиеленушілер контингенті;
- балабақшадағы оқу-әдістемелік жұмыс;
- тәрбие жұмысы;
- материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар;

Комиссия балабақшаға өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері бойынша талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына сәйкестігі қаралды.

Білім беру ұйымының толық атауы: "Balaqa Adal Qyzmet" ЖШС «Меруерт» балабақшасы

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, АНГРЭ-1 С/к, 93 үй;

Нақты орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, АНГРЭ-1 С/к, 93 үй;

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы-балабақша меңгерушісі. Меңгерушілік қызметке 02.09.2025ж. №37 құрылтайшының шешімімен тағайындалған. Ұялы телефон: 8 7085515649.

1. Жалпы сипаттағы өлшемшарттар

1. Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Құрылтай құжаттары: Кәсіпорын Жарғысы құрылтайшы шешімімен 2021 жыл 04 қарашада бекітілді (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды).

Занды тұлға мемлекеттік тіркеу нөмірі: 31.11.2021ж., БСН 211140003390 (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды).

Рұқсат беру құжаттары: Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны: Хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: KZ40RVK00038082, Алған мерзімі: 26.01.2022ж. (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды).

Санитариялық - эпидемиологиялық қорытынды: 24.01.2022ж. №D.04.X.KZ39VWF00057365 (көшірмесі анықтамаға қоса жалғанды).

Техникалық паспорт: жылжымайтын мүлік объектісінің кадасторлық паспорты, мекен жайдың тіркеу коды: 0201300052031303. Пспорт 29.09.2025ж. жағдайы бойынша жасалды (көшірмесі қоса жалғанды).

Балабақшаның білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай, рұқсат беру құжаттары Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" Заңы 41-бабының, 57-1-бап, 1-тармағының талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Жалпы сипаттағы өлшемшарттар" бөлімінің 1-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

2.Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының 1-бөлімі, 2-тарауы, 1-параграфының 9-тармағына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымының басшысының біліктілігіне қойылатын талаптары - жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі бес жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымда соңғы екі жыл, ауылдық жерде - үш жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымда соңғы бір жыл - болуы тиіс талаптары бекітілген.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымы басшысы туралы мәлімет

№	Оқу жылы	Аты-жөні	Білімі	Жұмыс өтілі	Лауазымы
1.	2023-2024	Тлеубаева Әсем Асановна	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2004 жыл, «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы	Педагогикалық жұмыс өтілі - 5 жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс өтілі - 3 жыл.	Меңгеруші
2.	2024-2025	Тлеубаева Әсем Асановна	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2004 жыл, «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы	Педагогикалық жұмыс өтілі - 5 жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс өтілі - 3 жыл.	Меңгеруші
3.	2025-2026	Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы	Жоғары, Қайнар академиясы, 2021 жыл, «Педагогика және психология» мамандығы; Жоғары, Жұмабек Тәшенов атындағы университеті, 2025 жыл, «Мектепке дейінгі	Педагогикалық жұмыс өтілі - 4 жыл 7 айды, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс өтілі - 4 жыл 7 ай жыл	Меңгеруші

		тәрбиелеу және оқыту» мамандығы	
--	--	------------------------------------	--

2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарында балабақша меңгерушісі қызметін - Тлеубаева Әсем Асановна атқарды. Ол «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-гі құрылтайшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №25 «Жұмысқа қабылдау туралы» бұйрығы негізінде меңгеруші лауазымына тағайындалған. Білімі жоғары, 2004 жылы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Меңгеруші лауазымына тағайындалғанға дейінгі педагогикалық жұмыс өтілі - 5 жылды, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс өтілі - 3 жылды құраған.

2025-2026 оқу жылында балабақша меңгерушісі қызметін - Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы атқарады. Ол «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-гі құрылтайшысының 2025 жылғы 2 қыркүйектегі №37 «Жұмысқа қабылдау туралы» бұйрығы негізінде меңгеруші лауазымына тағайындалған. Білімі жоғары, 2021 жылы Қайнар академиясын «Педагогика және психология» мамандығы бойынша тәмамдаған, сондай-ақ Жұмабек Тәшенов атындағы университетте «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Меңгеруші лауазымына тағайындалғанға дейінгі педагогикалық жұмыс өтілі - 3 жыл 9 айды, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдағы жұмыс өтілі - 3 жыл 9 айды құраған. Қазіргі кезеңдегі жұмыс өтілі 4 жыл 7 айды құрайды.

Талдау нәтижесінде білім беру ұйымы басшыларының білімі мен кәсіби даярлығы "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Жалпы сипаттағы өлшемшарттар" бөлімінің 2-тармағы бойынша нәтиже - *"жақсартуды талап етеді"* - **3 балл**.

3.Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Балабақшаның түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» № 50 Бұйрығымен бекітілген 1-тармағы, 1) тармақшасы «Бөбекжай» және 2) тармақшасы «Балабақша» болып есептеледі.

Балабақшада 2 жастағы (кіші топ), 3 жастағы (ортаңғы топ) және 4 жастағы (ересек топ) және 5 жастағы (МАД топ) балалар тәрбиленеді.

Кәсіпорын Жарғысының 4-бөлімі, 4.1.1., 4.1.2. тармақшаларында «Мектепке дейінгі ұйым» және «Бөбекжай» болып есептелетіндігі көрсетілген (Жарғы 04.11.2021ж. бекітілген).

Балабақшаның түрі "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығының талабына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Жалпы сипаттағы өлшемшарттар" бөлімінің 3-тармағы бойынша нәтиже - *"үлгілі"* - **5 балл**.

4.Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің:

-*"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы"* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына *(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген),*

-*"Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы"* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына *(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген),*

-*"Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы"* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына *(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген),*

-*"Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы"* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына *(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген)* талаптарына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада педагогикалық ұжымның, ата-аналардың және мамандардың жүйелі өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін алқалы басқару нысандары жұмыс істейді. ҚР «Білім туралы» Заңының 44-бабына және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымын басқару тек басшы арқылы ғана емес, сонымен қатар педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық, педагогикалық әдеп кеңестері сияқты алқалы органдар арқылы да жүзеге асырылады.

Педагогикалық кеңес

ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008ж. «Педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі туралы үлгілік қағидаларды бекіту туралы» №272 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады. Кеңес білім беру процесін үйлестіруді жүзеге асырады, тәрбие-білім беру жұмысының нәтижелерін талдайды, педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын айқындайды. Педагогикалық кеңестің қызметі отырыс жоспары және хаттамалар негізінде жүргізіледі.

2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында педагогикалық кеңестің құрамы жыл сайын бекітіліп, жұмыс жоспарлары әзірленді және педагогикалық кеңес отырыстары жоспарға сәйкес өткізілді.

Педагогикалық кеңестерде тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және ұйымдастыру, жұмыс оқу жоспарын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін қарау, тәрбиеленушілердің даму мониторингі нәтижелерін талдау, педагогикалық ұжым қызметінің тиімділігін бағалау, білім беру қызметінің сапасын арттыру, мемлекеттік аттестаттауға дайындық мәселелері қаралды.

Сонымен қатар педагогикалық кеңес отырыстарында балалардың бейімделу кезеңінің қорытындылары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері, қауіпсіздік талаптарының сақталуы, денсаулық сақтау жұмыстарының жай-күйі, педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелері, құжаттарды жүргізу сапасы және өзін-өзі бағалау материалдарын дайындау мәселелері талқыланды.

Оқу жылдарының қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің даму мониторингі нәтижелері қаралып, тәрбиеленушілерді келесі жас топтарына көшіру және мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерін мектепке шығару туралы шешімдер қабылданды.

Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына тұрақты бақылау жүргізіліп, қабылданған шешімдер бойынша жауапты тұлғалар белгіленіп отырды. Қаралған мәселелер бойынша талдамалық анықтамалар, мониторинг нәтижелері және басқа да дәлелдемелік материалдар дайындалды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде педагогикалық кеңес қызметі нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны, жоспарланған мәселелердің толық қаралғаны және қабылданған шешімдердің орындалуы қамтамасыз етілгені анықталды.

Педагогикалық кеңестің қызметі тиімді ұйымдастырылады. Педагогикалық кеңес тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби қызметін жетілдіруге және ұйым қызметін басқаруға бағытталған негізгі алқалы орган ретінде өз функцияларын толық көлемде жүзеге асырып келеді.

Әдістемелік кеңес

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді, әдістемелік ұсынымдарды дайындауды, тәжірибе алмасуды ұйымдастыруды және педагог қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдауды қамтамасыз етеді. Кеңестің қызметі мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 10.08.2023 ж. № 253 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік кеңестің жұмысы бекітілген ереже, жұмыс жоспары және отырыс хаттамалары негізінде ұйымдастырылады. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарына арналған әдістемелік кеңестің құрамдары бекітіліп, жұмыс жоспарлары әзірленді және жоспарға сәйкес отырыстар өткізілді.

Әдістемелік кеңес отырыстарында оқу-тәрбие процесін әдістемелік сүйемелдеу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелерін талдау, құжаттамаларды жүргізу сапасын зерделеу, дамытушы ортаның жай-күйін бағалау және білім беру қызметінің сапасын жетілдіру мәселелері қаралды.

Кеңес жұмысы барысында балалардың бейімделу кезеңінің нәтижелері мен даму мониторингінің қорытындылары талданып, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар берілді. Мониторинг нәтижелері негізінде педагогтердің жұмысына талдау жүргізіліп, білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

2025-2026 оқу жылында мемлекеттік аттестаттауға дайындық мәселелері әдістемелік кеңес жұмысының басым бағыттарының бірі болды. Кеңес отырыстарында өзін-өзі бағалау материалдарын қалыптастыру және жинақтау, кадрлық әлеует бойынша материалдарды талдау, балалардың даму мониторингі нәтижелерін зерделеу, мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттардың дайындық деңгейін бағалау мәселелері қаралды.

Әдістемелік кеңестің жұмысы нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, балалардың даму көрсеткіштерін жақсартуға және мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстарын сапалы ұйымдастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Педагогикалық әдеп кеңесі

Балабақшада, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде сайланып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген. Кеңес қызметі бекітілген жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында кеңес отырыстары жоспарға сәйкес өткізілді. Кеңес отырыстарында педагог мәртебесін сақтау, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, ата-аналармен өзара қарым-қатынас мәдениеті, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал, педагогтердің кәсіби жауапкершілігі, әлеуметтік желілердегі кәсіби мінез-құлық мәдениеті және тәрбиеленушілердің құқықтарын қорғау мәселелері қаралды.

Кеңес қызметі аясында педагогтер арасында Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы мен Педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізілді, консультациялар ұйымдастырылды, педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына мониторинг жүзеге асырылды.

Мониторинг және жүргізілген талдау нәтижелері бойынша педагогикалық әдеп қағидаларын бұзу фактілері анықталған жоқ. Педагогтердің кәсіби қызметіне қатысты негізделген шағымдар мен өтініштер тіркелмеді. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі бойынша бұйрықтар, жұмыс жоспарлары, отырыс хаттамалары, мониторинг материалдары, анықтамалар және талдамалық есептер жинақталған. Кеңестің қызметі жоспарлы түрде жүзеге асырылып, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша қойылған міндеттер орындалуда.

Қамқоршылық кеңес

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі ұйымдардағы Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі туралы үлгілік қағидалар» 27.07.2017ж. № 355 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізілді. Кеңес ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелерді шешуге қатысады, дамытушы ортаны қалыптастыруға атсалысады, қоғамдық бақылауды жүзеге асырады және мектепке дейінгі ұйымда балалардың қолайлы жағдайда болуына бағытталған бастамаларды қолдайды. Қамқоршылық кеңестің қызметі бекітілген жұмыс жоспары және отырыс хаттамалары негізінде жүзеге асырылады.

2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарында Қамқоршылық кеңес өз қызметін бекітілген жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырды. Кеңес отырыстары жоспарға сәйкес өткізіліп, қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің қызметі ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге, тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, ата-аналар қоғамдастығымен өзара ынтымақтастықты дамытуға және білім беру қызметтерінің сапасына қоғамдық бақылау жүргізуге бағытталды.

Кеңес отырыстарында бөбекжай-балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайы, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы, балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасы, тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы, ата-аналардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі және білім беру қызметтерінің сапасына жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелері қаралды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері оқу жылдары ішінде қоғамдық бақылау жұмыстарын жүргізіп, ұйым қызметінің әртүрлі бағыттарына талдау жасады. Бақылау нәтижелері бойынша анықтамалар әзірленіп, кеңес отырыстарында қаралып отырды.

Қамқоршылық кеңес тарапынан тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, санитариялық-гигиеналық жағдайды сақтау және балалардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру мәселелеріне тұрақты қоғамдық бақылау жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері Қамқоршылық кеңес қызметінің қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғанын көрсетті. Қамқоршылық кеңес ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, ата-аналармен серіктестікті дамытуға, тәрбиеленушілердің құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауға және білім беру қызметтерінің сапасына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға белсенді қатысып келеді.

Қамқоршылық кеңестің қызметі тиімді деп бағаланады және оның жұмысы ұйымның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Осылайша, балабақшада алқалы басқару құрылымы ұйымды дамытуға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді, білім беру процесінің сапасын арттырады және педагогтер, ата-аналар мен мамандар арасындағы тиімді өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Жалпы сипаттағы өлшемшарттар" бөлімінің 4-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

2.Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар.

1.Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі.

Талдау қорытындылары:

Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагогтердің барлығы жоғары немесе арнаулы орта педагогикалық білімге ие. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек

кітапшалары және санитариялық кітапшалары талаптарға сәйкес рәсімделген. Ұйымда педагог кадрлардың есебі жүйелі түрде жүргізіледі.

Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамы мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруға қажетті педагогикалық әлеуетіне сәйкес.

Педагог кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер 2023-2024 оқу жылы:

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Білімі
1.	Тлеубаева Асем Асановна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, Меңгеруші	Жоғары, Қ,Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2004ж.. «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
2.	Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Toshi” балабақшасы, Әдіскер Қоса жұмыс атқарушы	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2017ж. «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы
3.	Егеубаева Роза Муханбетовна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, Көпсалалы “Болашақ” колледжі, 2019ж. «Бастауыш білім беруі» мамандығы
4.	Жанажанова Ақтоты Талғатқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші, музыкалық жетекші	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2020ж. «Бастауыш білім беру» мамандығы, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2018ж., Кәсіптік білім даярлау туралы №0548181 куәлігі негізінде «Мәдени демалыс ұйымдастырушы» біліктілігі берілген
5.	Қанатова Жаннұр Сәуірбайқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Ақтөбе педагогикалық колледжі” ЖММ, 2024ж., «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
Оқу жылы кезеңінде жұмыстан босатылған педагогтар:			
6.	Бегалиева Ақтөре Алмасқызы (өз өтініші негізінде 2024 жылғы 31 шілдеден бастап жұмыстан босатылды)	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Баишев атындағы Медициналық-әлеуметтік колледжі” ЖШС, 2021ж., «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда кадрлық қозғалыстар орын алды. Кадрлық құрамға сәйкес оқу жылы ішінде білім беру ұйымында жалпы 6-педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 1-педагог өз өтініші негізінде оқу жылының кезеңінде жұмыстан босатылып, сондай-ақ жаңадан 1-педагог жұмысқа қабылданды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша, жұмыстан босатылған педагогты қоспағанда штаттық кестеге сәйкес мектепке дейінгі ұйымда 5-педагог тұрақты қызмет атқарды, Оның ішінде: 1-меңгеруші, 1-әдіскер, 3-тәрбиеші. Педагогтердің 1-уі жоғары білімді, 4-уі арнаулы орта білімді. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты бойынша 2-педагог қызмет атқарған. 1-педагог қоса қызмет атқарушы. Педагогтердің негізгі жұмыс орны бойынша үлесі 80%-ды құрайды.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - 20%.

➤ Тәрбиеші Бегалиева Ақтөре Алмасқызы - өз өтініші негізінде 2024 жылғы 31 шілдеден бастап жұмыстан босатылды.

(Жұмыстан босату туралы бұйрықтың көшірмесі жалғанады).

➤ Қанатова Жаннұр Сәуірбайқызы - 2024 жылғы 27 маусымда “тәрбиеші” лауазымы бойынша қызметке қабылданды.

(Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі жалғанады).

- Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы - әдіскер лауазымында 0,5 штат бірлігі көлемінде қоса жұмыс атқарушы ретінде қызмет атқарады. Негізгі жұмыс орны - «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-нің «Toshi» балабақшасы.
- Жанажанова Ақтоты Талғатқызы - негізгі жұмысымен қатар қоса қызмет атқару тәртібімен, 0,75 жүктеме көлемінде музыкалық жетекші қызметін атқарды.

2024-2025 оқу жылы:

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда)	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Білімі
1.	Тлеубаева Асем Асановна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, Меңгеруші	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2004ж.. «Бастауыш мектепте оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
2.	Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Toshi” балабақшасы, Әдіскер Қоса жұмыс атқарушы	Арнаулы орта, “Ақтөбе гуманитарлық колледжі”, 2017ж. «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы
3.	Қанатова Жаннұр Сәуірбайқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Ақтөбе педагогикалық колледжі” ЖММ, 2024ж., «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
4..	Кубешова Айнура Махмардановна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Рауан” көпсалалы колледжі, 2014ж.. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
5.	Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “М.Тынышпаев атындағы КҚА” АҚ-ның Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі, 2019ж. «Бастауыш білім беру» мамндығы. Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, “Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші” қайта даярлау курсы, 808 сағат, 2025ж.
6.	Амзина Тамаша Жумашовна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Жоғары көпсалалы “Болашақ” колледжі” ЖММ, 2025ж. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
Оқу жылы кезеңінде жұмыстан босатылған педагогтар:			
7.	Егеубаева Роза Муханбетовна (өз өтініші негізінде 2024 жылғы 31 қазаннан бастап жұмыстан босатылды)	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, Көпсалалы “Болашақ” колледжі, 2019ж. «Бастауыш білім беру» мамандығы
8.	Жанажанова Ақтоты Талғатқызы (өз өтініші негізінде 2025 жылғы 14 қаңтардан бастап жұмыстан босатылды).	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші, музыкалық жетекші	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2020ж. «Бастауыш білім беру» мамандығы, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2018ж., Кәсіптік білім даярлау туралы №0548181 куәлігі негізінде «Мәдени демалыс ұйымдастырушы» біліктілігі берілген

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда кадрлық қозғалыстар орын алды. Кадрлық құрамға сәйкес оқу жылы ішінде білім беру ұйымында жалпы 8-педагог қызмет атқарды. Оның ішінде 3-педагог өз өтініші негізінде оқу жылының кезеңінде жұмыстан босатылып, сондай-ақ жаңадан 3-педагог жұмысқа қабылданды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша штаттық кестеге сәйкес мектепке дейінгі ұйымда 6-педагог тұрақты қызмет атқарды, оның ішінде: 1-меңгеруші, 1-әдіскер және 4-тәрбиеші. Педагогтердің 1-уі жоғары білімді, 5-уы арнаулы орта білімді, 1-педагог қайта даярлау курсынан

өткен. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты бойынша 5 педагог қызмет атқарды. Педагогтердің негізгі жұмыс орны бойынша үлесі 85,8%-ды құрайды.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - 33,3%.

Жұмыстан босатылған педагогтар:

- тәрбиеші Егеубаева Роза Муханбетовна - өз өтініші негізінде 2024 жылғы 31 қазаннан бастап жұмыстан босатылды;
- тәрбиеші Жанажанова Ақтоты Талғатқызы - өз өтініші негізінде 2025 жылғы 14 қаңтардан бастап жұмыстан босатылды;
- меңгеруші Тлеубаева Асем Асановна - өз өтініші негізінде 2025 жылғы 29 тамыздан бастап жұмыстан босатылды.

Жұмысқа қабылданған педагогтар:

- Кубешова Айнур Махмардановна - 2024 жылғы 01 қарашада “тәрбиеші” лауазымы бойынша қызметке қабылданды;
- Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы - 2024 жылғы 18 қарашада “тәрбиеші” лауазымы бойынша қызметке қабылданды;
- Амзина Тамаша Жумаповна - 2025 жылғы 01 шілдеде “тәрбиеші” лауазымы бойынша қызметке қабылданды.

(Жұмыстан босату және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері қоса жалғанды).

- Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы - әдіскер лауазымында 0,5 штат бірлігі көлемінде қоса жұмыс атқарушы ретінде қызмет атқарады. Негізгі жұмыс орны - «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-нің «Toshi» балабақшасы.
- Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы - 2025 жылдың 15 қаңтарынан бастап, негізгі жұмысымен қатар қоса қызмет атқару тәртібімен, 0,75 жүктеме көлемінде музыкалық жетекші қызметін атқарды.

2025-2026 оқу жылы:

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда)	Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	Білімі
1.	Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, Меңгеруші	Жоғары, Қайнар академиясы, 2021ж., «Педагогика және психология» мамандығы; Жоғары, Жұмабек Ташенов атындағы университеті, 2025ж.. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы
2.	Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы	Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Toshi” балабақшасы, Әдіскер Қоса жұмыс атқарушы	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2017ж. «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы
3.	Қанатова Жаннұр Сәуірбайқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Ақтөбе педагогикалық колледжі” ЖММ, 2024ж., «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
4..	Кубешова Айнур Махмардановна <i>(жүктілікке және босануға байланысты (декреттік) демалыста)</i>	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Рауан” көпсалалы колледжі, 2014ж.. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
5.	Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші/музыкалық жетекші	Арнаулы орта, “М.Тынышпаев атындағы КҚА” АҚ-ның Ақтөбе көлік және коммуникациялар колледжі, 2019ж. «Бастауыш білім беру» мамндығы, Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, “Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші” қайта

			даярлау курсы, 808 сағат, 2025ж.
6.	Амзина Тамаша Жумашовна	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, тәрбиеші	Арнаулы орта, “Жоғары көпсалалы “Болашақ” колледжі” ЖММ, 2025ж. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы
7.	Нуканова Айнұр Нұрболатқызы	“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС “Меруерт” бөбекжай балабақшасы, психолог	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2017ж., “Психология” мамандығы

2025-2026 оқу жылында штаттық кестеге және «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымда 7-педагог қызмет атқарады, оның ішінде: 1-меңгеруші, 1-әдіскер және 4-тәрбиеші, 1-психолог. 4-тәрбиешінің 1-уі жүктілікке және босануға байланысты (декреттік) демалыста. Педагогтердің 2-уі жоғары білімді, 5-уі арнаулы орта білімді, 1-педагог қайта даярлау курсынан өткен. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты бойынша 6 педагог қызмет атқарады. Оның ішінде 1-педагог қоса жұмыс атқарушы болып табылады, Педагогтердің негізгі жұмыс орны бойынша үлесі 87,5%-ды құрайды.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі - 42,8%.

Жұмысқа қабылданған педагогтар:

- Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы - 2025 жылғы 02 қыркүйекте “меңгеруші” лауазымы бойынша қызметке қабылданды.
(Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері қоса жалғанды).
- Тәрбиеші Кубешова Айнұр Махмардановна - 2026 жылғы 27 қаңтардан бастап жүктілікке және босануға байланысты (декреттік) демалыста (Бұйрық көшірмесі қоса жалғанады).
- Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы - әдіскер лауазымында 0,5 штат бірлігі көлемінде қоса жұмыс атқарушы ретінде қызмет атқарады. Негізгі жұмыс орны - «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-нің «Toshi» балабақшасы;
- Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы - негізгі жұмысымен қатар қоса қызмет атқару тәртібімен, 0,75 штат бірлігі көлемінде музыка жетекшісі лауазымын қоса атқарады.

Қайта даярлаудан өткен педагогтер туралы мәлімет

№	Педагогтің аты-жөні	Қайта даярлау курсы
1	Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы	Халықаралық білім беруді дамыту академиясы, “Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші” қайта даярлау курсы, 808 сағат, №01-148, 2025 жыл

Бөбекжай-балабақшада 2025 жылы 1 педагог «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші» бағыты бойынша 808 сағат көлеміндегі қайта даярлау курсынан өткен.

Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагогтердің барлығының педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша кәсіптік білімі бар. Педагогтердің білімі атқаратын лауазымдарына толық сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттары” мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарға қатысты қолданылады.

Жеке мектепке дейінгі ұйымдардың штаттық құрылымы ұйымның қызмет ерекшелігі мен ішкі қажеттіліктеріне сәйкес айқындалады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагог кадрлардың штаттық бірліктері тәрбиеленушілер саны мен топтардың ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастырылған. Педагог кадрлармен жасақталу барысында ішкі тәртіп ережелері, тәрбиеленушілер саны, топтардың ерекшелігі және оқу-тәрбие процесінің қажеттілігі ескерілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 1-тарауы, 22-тармағы - Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе

ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі - талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестаттау өткізу қағидаларына 1-қосымша, “Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 5-тармағы бойынша нәтиже - **“жақсартуды талап етеді” - 3 балл.**

2.Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар - кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі.

Талдау қорытындылары:

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ Заңының 15-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес педагог өзінің кәсіптік шеберлігін үздіксіз жетілдіруге, сондай-ақ біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыруға (растауға) міндетті.

Педагог кадрлардың біліктілік санаттары бойынша мәлімет

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар боған жағдайда)	Лауазымы	Педагогикалық жұмыс өтілі	Санаты	Ескерту
1.	Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы	Меңгеруші	4 жыл 7 ай	Педагог-модератор	
2.	Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы	Әдіскер	4-жыл		Педагогикалық жұмыс өтілі мен біліктілік санатын алу (растау) мерзімі бес жылға толмағандықтан, педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыруға (растауға) ұсынылмаған.
3.	Қанатова Жаннұр Сәуірбайқызы	Тәрбиеші	2-жыл		
4.	Сарқұлова Майра Нұрлыбекқызы	Тәрбиеші	1-жыл, 7 ай		
5.	Амзина Тамаша Жумашовна	Тәрбиеші	1-жыл		
6.	Нуканова Айнұр Нұрболатқызы	Психолог	10-ай		
7.	Кубешова Айнұр Махмардановна	Тәрбиеші	5-жыл		Жүктілікке және босануға байланысты (декреттік) демалыста

Педагогтердің біліктілік санаттарына жүргізілген талдау нәтижесінде 1-педагогке (меңгеруші Г.А.Әжібаева) тәрбиеші лауазымы бойынша «Педагог-модератор» біліктілік санаты 31.08.2024 жылы берілгені анықталды (Біліктілік санаттары куәліктерінің көшірмелері қосымша ұсынылады).

“Balaga Adal Qyzmet”:ЖШС, “Меруерт” бөбекжай-балабақшасы 2022 жылы ашылып, өз қызметін бастаған. Мектепке дейінгі ұйымның қалған педагогтерінің педагогикалық жұмыс өтілі мен біліктілік санатын алу (растау) мерзімдері **бес жылға толмағандықтан**, біліктілік санаты деңгейлерін арттыруға (растауға) ұсынылмаған.

Тәрбиеші Кубешова Айнұр Махмардановна - педагогикалық еңбек өтілі - 5 жыл. 2026 жылғы 27 қаңтардан бастап жүктілікке және босануға байланысты (декреттік) демалыста (Бұйрық көшірмелері қосымша ұсынылады).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» 2-параграф, 29-тармағына сәйкес - *жүктілікке және босануға байланысты демалыста жүрген педагогтің аттестаттаудан өту мерзімі жұмысқа шыққаннан кейін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.*

Осыған орай, А.М.Кубешованың аттестаттаудан өту мерзімі кейінге шегерілді.

Мектепке дейінгі ұйымда біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттыру (растау) мерзімдері өткен педагогтар жоқ.

Балабақшасының меңгерушісі Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы. Меңгеруші лауазымына 2025 жылғы 2 қыркүйегінде құрылтайшының №37 бұйрығымен тағайындалған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 44-бабы 5-тармағына сәйкес - мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

Аталған Заң нормаларының талаптары мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларына қатысты белгіленгендігін аңғаруға болады.

Осы талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Г.А.Әжібаеваның мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі лауазымындағы жұмыс өтілі 3-жылға толмағандықтан, басшы санатын арттыруға (растауға) ұсынылмаған.

Талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымда біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) мерзімі өткен педагогтер анықталған жоқ. Педагогтердің біліктілік санаттары бойынша құжаттары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес рәсімделген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 6-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

3.Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру барысында үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға құқылы.

2023-2026 оқу жылдары аралығында «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-нің «Меруерт» бөбекжай-балабақшасында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және біліктілігін арттыру жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылуда. Педагогтер мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, инклюзивті білім беру, ойын технологиялары, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті білім беру процесінде тиімді пайдалану бағыттары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстары бойынша мәлімет

№	Аты-жөні	Қай жерде өтті	Курс тақырыбы	Өткен мерзімі	Сағат саны	Ескерту
1	Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері»	29.09.2025		
			«Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллектті тиімді қолдану жолдары»	27-28.11.2025	8 сағат	
2	Баймұханова Бағдагүл Есбергенқызы	«Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы»	«Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға психологиялық педагогикалық қолдау көрсету»	16-27.06.2025	80 сағат	
		«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері»	30.09.2025		
		Өрлеу-Education Халықаралық оқу- әдістемелік орталығы	«Білім беру ұйымдарында тәрбие үдерісін басқару және ұйымдастыру»	08-19.05.2025	80 сағат	
3	Қанатова Жаннұр	«USTAZ педагогтерді	«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби	26.03.2026	80 сағат	

	Сәуірбайқызы	үздіксіз кәсіби дамыту орталығы»	құзыреттілігін жетілдіру»			
4	Саркұлова Майра Нұрлыбекқызы	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»	04-14.11.2024	72 сағат	
		«USTAZ педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы»	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары ойын құзыреттілігін дамыту»	26.03.2026	80 сағат	
5	Амзина Тамаша Жумашовна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері»	27.09.2025		
		«USTAZ педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы»	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары ойын құзыреттілігін дамыту»	26.03.2026	80 сағат	
6	Нуканова Айнұр Нұрболатқызы	М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық агрессорларымен жұмыс істеу әдістері бойынша психологтарды оқыту»	10-14.11.2025.	36 сағат	Педагогикалық қызметті 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап атқарады. Педагогикалық бағыттағы біліктілікті арттыру курстарынан өтуі алдағы кезеңде жоспарланған.
7	Кубешова Айнұр Махмардановна	«AGZHAN» ғылыми білім беру орталығы	«Оқу-тәрбие процесін жоспарлау және мектепке дейінгі ұйымдарда электронды индикаторларды қолдану»	18.03.2026	72 сағат	Декреттік демалыста

Нуканова Айнұр Нұрболатқызы - 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап «Balaga Adal Qyzmet» ЖШС-нің «Меруерт» бөбекжай-балабақшасында педагог-психолог лауазымында 0,5 штат бірлігімен педагогикалық қызмет атқарады. Бұған дейін педагогикалық еңбек өтілі болмаған (*денсаулық сақтау саласында психолог ретінде қызмет атқарады*). Педагогикалық қызметті алғаш рет бастағандықтан, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагогтердің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру жөніндегі талапты орындау мерзімі әлі туындамаған. Осыған байланысты педагогикалық бағыттағы біліктілікті арттыру курстарынан өтуі алдағы кезеңге жоспарланған.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымда педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жоспарлы түрде ұйымдастырылғаны анықталды. Педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Меңгерушінің кәсіби жетістіктері бойынша мәлімет

Балабақшасының меңгерушісі - Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы білім беру менеджменті бағытында кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курсынан өткен.

2026 жылы «Өрле-Education» халықаралық оқу-әдістемелік орталығында «Білім беру жүйесіндегі менеджмент» тақырыбы бойынша көлемі 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсын сәтті аяқтаған.

Біліктілікті арттыру

№	Аты-жөні	Ұйым	Курс атауы	Сағат	Жылы
---	----------	------	------------	-------	------

1	Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы	Өрле-Education Халықаралық Оқу- әдістемелік орталығы	“Білім беру жүйесіндегі менеджмент”	80 сағат	23.02-06.03.2026
---	---------------------------------	--	--	----------	------------------

Жүргізілген талдау нәтижесінде ұйым басшысының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылатыны анықталды. Меңгеруші білім беру ұйымын тиімді басқару, басқарушылық құзыреттерін дамыту және білім беру сапасын арттыру бағытында кәсіби біліктілігін тұрақты түрде жетілдіріп отырады.

Балабақша меңгерушісі Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызы білім беру ұйымының қызметін ұйымдастырумен қатар тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға және педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Меңгерушінің жетекшілігімен тәрбиеленушілер республикалық және облыстық деңгейдегі шығармашылық байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, республикалық «Тәуелсіз Қазақстаным», «Тәуелсіз ел жастары», «Арайлы алтын күз», «Ұстаз - шырақ, білім - нұр», «Бояулар құпиясы» және облыстық «Әлдилеген әлемді...», «Сиқырлы қағаз» байқауларында тәрбиеленушілер I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жетекшісі ретінде Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызының еңбегі де ұйымдастырушылар тарапынан жоғары бағаланып, алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталған.

Сонымен қатар, меңгеруші өз тәжірибесін тарату бағытында белсенді жұмыс жүргізіп, «Дидактикалық ойындарды балабақшада қолдану» тақырыбындағы әдістемелік мақаласын республикалық «UZDIK USTAZ» ғылыми-әдістемелік журналында жариялаған. Бұл оның кәсіби тәжірибесінің республика деңгейінде таратылып, әдістемелік қызметінің нәтижелілігін көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде меңгеруші Әжібаева Гүлсұлу Асанханқызының білім беру ұйымын тиімді басқарумен қатар тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, педагогтердің кәсіби қызметін үйлестіруге және озық педагогикалық тәжірибені таратуға бағытталған жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып отырғаны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “Кадр құрамына қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 7-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

3.Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар.

1."Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы.

Талдау қорытындылары:

Бірдей жастағы принцип бойынша балабақшада 2025-2026 оқу жылында келесідей жас топтары жинақталып, талаптар толық сақталды:

- кіші топ (2 жастағы балалар) - **11 бала** (20 баладан артық емес);
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **16 бала** (25 баладан артық емес);
- ересек топ (4 жастағы балалар) - **14 бала** және мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) **6 бала** жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтары толықтырылды (20 баладан артық емес).

2023-2024 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

- кіші топ (2 жастағы балалар) -**21 бала** (20 баладан артық);
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) -**25 бала** (25 баладан артық);
- ересек топ (4 жастағы балалар) -**10 бала** (4 жастағы 8 бала, 5 жастағы 2 бала болған).

2024-2025 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

- кіші топ (2 жастағы балалар) -**4 бала** (20 баладан артық);
- ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – **26 бала** (25 баладан артық);

-ересек топ (4 жастағы балалар) – **26 бала** (25 баладан артық).

2023-2024 және 2024-2025 оқу жылында балаларды жас топтарымен жинақтау барысында кемшіліктерге жол берілген, яғни жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуынан қателіктер жіберілген.

Өткен екі оқу жылында (2023-2024, 2024-2025 о.ж.) жіберілген кемшіліктер бойынша балабақша меңгерушісі А.Тлеубаеваға 15.05.2024ж. №12 және 28.05.2025ж. № 31 бұйрықпен «Ескерту» түріндегі тәртіптік шарасы қолданылды (*бұйрық көшірмесі қоса жалғанды*).

Аталған кемшілік ағымдағы 2025-2026 оқу жылында балаларды жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы барысында орын алмады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығына 6 – тармағының талабына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “ Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 8-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

2.Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада жас топтарын қалыптастыру талаптары 2025-2026 оқу жылында келесідей талаптар сақталды:

-кіші топ (2 жастағы балалар) - **11 бала** (20 баладан артық емес)

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **16 бала** (25 баладан артық емес);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **14 бала** және мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) **6 бала** жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтары толықтырылды (20 баладан артық емес).

2023-2024 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

-кіші топ (2 жастағы балалар)-**21 бала** (20 баладан артық)

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **25 бала** (25 баладан артық);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **10 бала** (4 жастағы 8 бала, 5 жастағы 2 бала болған).

2024-2025 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

-кіші топ (2 жастағы балалар) - **4 бала** (20 баладан артық);

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **26 бала** (25 баладан артық);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **26 бала** (25 баладан артық).

2023-2024 және 2024-2025 оқу жылында балаларды жас топтарымен қалыптастыру барысында кемшіліктерге жол берілген, яғни жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуынан қателіктер жіберілген.

Өткен екі оқу жылында (2023-2024, 2024-2025 о.ж.) жіберілген кемшіліктер бойынша балабақша меңгерушісі А.Тлеубаеваға 15.05.2024ж. №12 және 28.05.2025ж. № 31 бұйрықпен «Ескерту» түріндегі тәртіптік шарасы қолданылды. (*бұйрық көшірмесі қоса жалғанды*).

Аталған кемшілік ағымдағы 2025-2026 оқу жылында балаларды жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы барысында орын алмады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығына 7, 8-тармақтарының талаптарына сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “ Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 9-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

3.Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада өткен 2023-2024, 2024-2025 және ағымдағы 2025-2026 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін балалар тіркелмеді, яғни, ата-аналар (заңды өкілдер) тарапынан балаларға ерекше оқытуды қажет етуі бойынша өтініштер болмады, талаптар толық сақталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “ Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 10-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

4.Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар.

1.Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – УОЖ),Қазақ стан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – УОБ) талаптарына сәйкестігі.

Талдау қорытындылары:

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспары үш топқа (кіші, ортаңғы, ересек) арналып құрылды. 2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары үш топқа (кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды (аралас) арналып құрылды. Оқу жұмыс жоспарлары қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісінің қолымен бекітілген.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығының 1- қосымшасы «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 [№ 394](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде ерте жас, кіші топтың тәрбиеленушілеріне арналған жұмыс оқу жоспары және 2-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 [№ 394](#) /алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде ортаңғы мен ересек топтың тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары құрылды.

2025-2026 оқу жылына «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 (өзгеріс:16.01.2025 [№ 7 бұйрығы](#)) бұйрығының 1- қосымшасы «Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 [№ 394](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде ерте жас, кіші топтың тәрбиеленушілеріне арналған жұмыс оқу жоспары және 2- қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ортаңғы мен ересек топтың тәрбиеленушілеріне

арналған және 3- қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар *(жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)* негізінде мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары құрылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің апталық жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сай келеді.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына сәйкес 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы кіші, ортаңғы және ересек топтарына арналып құрылған перспективалық жоспары, 2025-2026 оқу жылдарындағы кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды аралас топтарына арналып құрылған перспективалық жоспары ұсынылған. Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып құрылған педагогтердің циклограммалары жинақталды. Циклограмма құру барысында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында көрсетілген тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру, ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны, білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктірілуі, сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз етілген, ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылды.

Перспективалық жоспарлары мен циклограммалары үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер жас ерекшелігіне сәйкес бес дағды бойынша жасақталды. Олар:

- Физикалық қасиеттерді дамыту. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру қарастырылды.

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырды.

- Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырылды.

- Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалды.

- Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтылды.

Балабақшада 2025-2026 оқу жылында ересек топта «Әдептен озбайық» атты вариативтік бағдарлама жүзеге асырылды. Оқу бағдарламасында көрсетілген міндеттер вариативті бағдарламада да жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету, ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже, білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, " Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 11-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

2.Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі.

Талдау қорытындылары:

Тәрбиешілердің циклограммаларын зерделей отырып, тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас ерекшеліктері және жеке ерекшеліктері ескере отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарлан. Тәрбиеленушілерде құзыреттілікті дамыту, жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, мектепке дейінгі білім беру ұйымы әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламалары құрылды. Сонымен қатар күні бойы орындалуға тиіс іс-шараларды (балаларды қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, катаяту рәсімдері, балалардың үйге кетуі) қамтитын күн тәртібі талданды. Күн тәртібі жас ерекшеліктері сай құрылып, бекітілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, " Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 12-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

3.Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын таңдауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшамызда тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды.

Тәрбиеленушілерінің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды.

Балабақшада тәрбиелеу-білім беру процесінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылып отырады. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетте, іс-шараларды балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етілген. Тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптастырылды. Тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері жас ерекшеліктеріне сәйкес дамып келеді.

Циклограммада көрсетілгендей «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыра отырып балалардың бойында Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру

бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 13-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

4.ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы.

Талдау қорытындылары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы *«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»* № 385 бұйрығына I тарау, 2 тармағы, 2) тармақшасының талаптарына сәйкес балабақшада ерекше білім беру қажеттілікті қажет ететін балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін жағдай жасалды. Атап айтсақ, кедергісіз орта құрылды, пандустар, арнайы жиһаздар, тактильді белгілер, басқа да бейімделген жабдықтар қарастырылды, толық қамтамасыз етілді (*дәлелді фотолары анықтамаға қоса жалғанды*).

Балабақшада аталған топтағы балалар тіркелмеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі “Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 14-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

5.ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы.

Талдау қорытындылары:

Тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдылары дамуын анықтау үшін 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау мониторингі ұсынылды. Барлық дағды бойынша бақылау парағы мен әдіскердің жиынтық есебі жүргізілді. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелерінің бақылау парақтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау жүргізіліп, жеке қорытындысы шығарылды. Диагностиканың индикаторлары жас топтары үшін Үлгілік оқу бағдарламада анықталған жартыжылдық бойынша күтілетін нәтижелері деңгей бойынша анықталды. Бағалау кезеңі бойынша тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер үш деңгей бойынша анықталып жасалған, бастапқы бақылау нәтижелерінің жиынтық есебі ұсынылды.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін айқындауда мониторинг нәтижелері талданып, жинақталған және мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының толық кезеңдерін сақталды.

2023-2024 оқу жылы әдіскер жиынтығы

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің бастапқы жинағы
Әдіскерінің аты-жөні: Баймұханова.Б.Е.
Бастапқы 2023-2024 ж

МДҰ атауы: ЖШС"Balaga Adal Qyzmet""Меруерт"

Мекен-жайы: С/к АНГРЭ-1.уч 93
Оқыту тілі: Қазақ

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-экономикалық дағдыларды қалыптастыру			БАРЛЫҒЫ			
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	%	%	%	%
Ерте жас тобы																	28,571	4	10	23,809
Кіші топ	21	5	11	5	4	10	7	6	10	5	7	10	4	8	9	4	6	47,619	5	5
Ортаңғы топ	25	9	10	6	9	10	6	11	9	5	12	10	3	14	8	3	11	37,6	4,6	18,4
Ересек топ	10	4	4	2	5	3	2	5	4	1	6	3	1	6	3	1	5	50,34	34	14
Мектепалды тобы																				
Барлығы	56	18	25	13	18	23	15	22	23	11	25	23	8	28	20	8				
%	100	32	45	23	32	41	27	39	41	20	45	41	14	50	36	14				

Меңгеруші:



Тлеубаева.А.А.

2024-2025 оқу жылы әдіскер жиынтығы

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің бастапқы жинағы
Әдіскерінің аты-жөні: Баймұханова.Б.Е.
Бастапқы 2024-2025 ж

МДҰ атауы: ЖШС"Balaga Adal Qyzmet""Меруерт"

Мекен-жайы: С/к АНГРЭ-1.уч 93
Оқыту тілі: Қазақ

		Физикалық			Коммуникативтік			Танымдық және			Балалардың			Әлеуметтік-			БАРЛЫҒЫ					
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	%	%	%			
Жас ерекшелік топтары	Балалар саны																					
Ерте жас тобы																						
Кіші топ	4	0	2	2	0	2	2	0	1	3	0	2	2	0	2	2	0	0	1,8	45	2,2	55
Ортаңғы топ	26	5	12	9	4	13	9	5	12	9	6	12	8	5	13	8	5	19,230	12,4	47,692	33,076	
Ересек топ	26	6	13	7	6	12	8	6	13	7	7	12	7	6	13	7	6	23,076	12,6	48,461	27,692	
Мектепалды тобы																						
Барлығы	56	11	27	18	10	27	19	11	26	19	13	26	17	11	28	17						
%	100	20	48	32	18	48	34	20	46	34	23	46	30	20	50	30						

Меңгеруші:



Тлеубаева.А.А.

2025-2026 оқу жылы әдіскер жиынтығы

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің бастапқы жинағы
Әдіскерінің аты-жөні: Баймұханова.Б.Е.
Бастапқы 2025-2026 ж

МДҰ атауы: ЖШС"Balaga Adal Qyzmet""Меруерт"

Мекен-жайы: С/к АНГРЭ-1.уч 93
Оқыту тілі: Қазақ

		Физикалық			Коммуникативтік			Танымдық және			Балалардың			Әлеуметтік-			Барлығы			олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	
		олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н	олардың ыңпиіні е тоғи деңгее н					
Жас ерекшелік топтары	Балалар саны																			%	
Ерте жас тобы																				%	
Кіші топ	10	3	7	0	3	7	0	2	8	0	3	7	0	4	6	0	3	30	7	70	0
Ортаңғы топ	17	6	11	0	6	11	0	5	12	0	6	11	0	7	10	0	6	35,294	11	64,705	0
Ересек топ	17	7	10	0	7	10	0	6	11	0	7	10	0	8	9	0	7	41,176	5	58,823	0
Мектепалды тобы	11	6	5	0	6	5	0	5	6	0	6	5	0	7	4	0	6	54,545	5	45,454	0
Барлығы	55	22	33	0	22	33	0	18	37	0	22	33	0	26	29	0					
%	100	40	60	0	40	60	0	33	67	0	40	60	0	47	53	0					

Меңгеруші:



Әжібаева.Г.А.

Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен Мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру проесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіу басшылыққа алынды. (мысалы, ортаңғы топ кіші топтың бақылау парақтарын, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады)..Бұдан бастапқы мониторингтің бақылау парақтары мен жиынтық есептерінен

тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейі талапқа және жас кезеңіне сәйкес келеді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелерінің бақылау парақтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау мониторингі жүргізілген және әдіскердің жиынтық есебі жүргізіліп, көшірмесі ұсынылды.

2023-2024 оқу жылы әдіскер жиынтығы

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің бастапқы жинағы
Әдіскерінің аты-жөні: Баймұханова.Б.Е.
Қорытынды 2023—2024ж

МДҰ атауы: ЖШС "Balaga Adal Qyzmet" "Меруер
Мекен-жайы: С/к АНГРЭ-1.уч 93
Оқыту тілі: Қазақ

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық			Коммуникативтік			Танымдық және			Балалардың			Әлеуметтік-			БАРЛЫҒЫ			
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	%	%	%	%
Ерте жас тобы																				
Кіші топ	27	8	13	6	7	14	6	8	13	6	9	12	6	10	11	6	8	29,629	46,666	22,222
Ортаңғы топ	24	8	11	5	7	12	5	8	11	5	9	10	5	10	9	5	8	33,333	44,166	20,833
Ересек топ	5	2	2	1	2	2	1	2	2	1	3	1	1	3	1	1	2	40	1,6	32
Мектепалды тобы																				
Барлығы	56	18	26	12	16	28	12	18	26	12	21	23	12	23	21	12				
%	100	32	46	21	29	50	21	32	46	21	38	41	21	41	38	21				

Меңгеруші:



Тлеубаева.А.А.

2024-2025 оқу жылы әдіскер жиынтығы

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әдіскерінің бастапқы жинағы
Әдіскерінің аты-жөні: Баймұханова.Б.Е.
Қорытынды 2024—2025 ж

МДҰ атауы: ЖШС "Balaga Adal Qyzmet" "Меруерт'
Мекен-жайы: С/к АНГРЭ-1.уч 93
Оқыту тілі: Қазақ

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық			Коммуникативтік			Танымдық және			Балалардың			Әлеуметтік-			БАРЛЫҒЫ			
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	%	%	%	%
Ерте жас тобы																				
Кіші топ	21	8	10	3	7	11	3	8	10	3	9	9	3	10	8	3	8	38,095	45,714	14,285
Ортаңғы топ	17	7	8	2	6	9	2	7	8	2	8	7	2	8	7	2	7	41,176	45,882	11,764
Ересек топ	18	8	8	2	8	8	2	8	8	2	9	7	2	9	7	2	8	44,444	42,222	11,111
Мектепалды тобы																				
Барлығы	56	23	26	7	21	28	7	23	26	7	26	23	7	27	22	7				
%	100	41	46	13	38	50	13	41	46	13	46	41	13	48	39	13				

Меңгеруші:



Тлеубаева.А.А.

2025-2026 оқу жылы әдіскер жиынтығы

	Балалар саны	Физикалық			Коммуникативтік			Танымдық және			Балалардың			Әлеуметтік-			БАРЛЫҒЫ					
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	%	%	%			
Жас ерекшелік топтары																						
Ерте жас тобы																						
Кіші топ	11	7	4	0	7	4	0	6	5	0	7	4	0	8	3	0	7	63,636	4	36,363	0	0
Ортаңғы топ	16	11	5	0	11	5	0	10	6	0	11	5	0	12	4	0	11	68,75	5	31,25	0	0
Ересек топ	14	10	4	0	10	4	0	9	5	0	10	4	0	11	3	0	10	71,428	6	28,571	4	0
Мектепалды тобы	6	5	1	0	5	1	0	5	1	0	5	1	0	6	0	0	5,2	86,666	7	13,333	3	0
Барлығы	47	33	14	0	33	14	0	30	17	0	33	14	0	37	10	0						
%	100	70	30	0	70	30	0	64	36	0	70	30	0	79	21	0						

Меңгеруші:



Әжібаева.Г.А.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 15-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

6.Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі.

Талдау қорытындылары:

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында балалардың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде түзету іс шаралары жүргізілген, бастапқы ,аралық, қорытынды мониторингтен кейін «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша барлық топтардың тәрбиеленушілерінде түзету іс-шаралары жоспарланды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 16-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

7.Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы.

Талдау қорытындылары:

2023 жылдың қыркүйегінде **56 бала** қабылданды, оның ішінде **30 бала (ортаңғы топ-9 бала, кіші топ-21 бала)** балабақшаға жаңадан қабылданды.

2023-2024 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

-кіші топ (2 жастағы балалар) - **21 бала** (20 баладан артық)

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) -**25 бала** (25 баладан артық);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **10 бала** (4 жастағы 8 бала, 5 жастағы 2 бала болған).

2024 жылдың қыркүйегінде **56 бала** қабылданды, оның ішінде **18 бала** (*кіші топ-4 бала, ортаңғы топ-10 бала, ересек топ 4 бала*) балабақшаға жаңадан қабылданды.

2024-2025 оқу жылында балабақшада келесідей жас топтары жинақталды:

-кіші топ (2 жастағы балалар) - **4 бала** (20 баладан артық);

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **26 бала** (25 баладан артық);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **26 бала** (25 баладан артық).

2025 жылдың қыркүйегінде **56 бала** қабылданды, оның ішінде **14 бала** (*кіші топ-11 бала, ересек топ-1 бала, ортаңғы топ-1 бала, МАД-1 бала*) балабақшаға жаңадан қабылданды.

-кіші топ (2 жастағы балалар) - **11 бала** (20 баладан артық емес)

-ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - **16 бала** (25 баладан артық емес);

-ересек топ (4 жастағы балалар) - **14 бала** және мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) 6 бала жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтары толықтырылды (20 баладан артық емес).

Балабақшаға қабылдау білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы жолдамалары есепке алынды және кезектіліктің және берудің бірыңғай базасы арқылы жүзеге асырылды.

(*Ауыстыру бұйрықтарының көшірмелері анықтамаға қоса жалғанды*).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығына 1-қосымша, 14 тармағының 4) тармақшасының талаптары сақталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 17-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

8.Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту.

Талдау қорытындылары:

Тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдары ішінде жоспарлы және жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Әр оқу жылының басында меңгерушімен ата-аналармен жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жалпы ата-аналар жиналыстары белгіленген мерзімдерде өткізілді. Әр оқу жылында үш жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, онда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, отбасының тәрбиелік жауапкершілігі, тәрбиеленушілердің даму нәтижелері, мектепке даярлау, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және оқу жылының қорытындылары мәселелері қарастырылды.

Жалпы ата-аналар жиналыстары бойынша өткізу туралы бұйрықтар шығарылып, хаттамалар рәсімделді, қатысу парақтары жүргізілді, қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жасалды.

Ата-аналар тәрбиелік, мерекелік, спорттық, танымдық және шығармашылық іс-шараларға белсенді қатысып, педагогтермен тұрақты кері байланыс орнатты. Жиналыстар барысында ата-аналардың ұсыныстары тыңдалып, білім беру процесін жетілдіру барысында ескеріліп отырды. Ұйым мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастық балалардың жан-жақты дамуына, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға және тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға оң ықпал етті.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың бөбекдай-балабақша қызметіне қатысу белсенділігі артып, ұйым мен отбасы арасындағы серіктестік жүйелі түрде жүзеге асырылғаны анықталды. Жоспарланған іс-шаралар толық орындалып, ата-аналардың тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуы тиісті құжаттармен расталды.

Талдау нәтижесінде тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүзеге асырылатыны,

ата-аналармен жұмыстың әртүрлі нысандары қолданылатыны, олардың қатысуы мен өзара іс-қимылы тиісті құжаттармен расталғаны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 18-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

5.Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар.

1.Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары).

Талдау қорытындылары:

Балабақшаның жабдықтар және жиһазбен жарақтандыру нормалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 9-тармағы талабына сәйкес келеді.

Яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" № 70 бұйрығының талабына кемінде 90% -ы сәйкес жабдықталды, атап айтсақ:

Балабақшада коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары, топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаздары, дене шынықтыру пәніне ұсынылатын құрал-жабдықтар, музыка залының құрал-жабдықтары, дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру және психологиялық –педагогикалық қолдау жабдықтары, жалпы, ұсақ моториканы дамытуға арналған жабдық, сенсорлы бөлме жабдықтары т.б. бар.

(Дәлелді фотолары мен сатып алынған сертификаттары қоса жалғанды).

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, "Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 19-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

2."Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30

наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген қауіпсіздік жағдайлары жасақталды. Атап айтсақ, балабақшада ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді, хабардар ету жүйесі бар, дабыл түймесі бар, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде жүзеге асырылады.

Балабақшада тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қызметкерлер мен келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шаралары толық көлемде ұйымдастырылды.

Балабақшада тәулік бойы жұмыс істейтін бейнебақылау жүйесі орнатылды. Жалпы саны **8 бейнекамера** жұмыс істейді, оның ішінде **6 ішкі камера** топ бөлмелерін, дәліздерді және ортақ пайдалану орындарын бақылауға арналған, ал **2 сыртқы камера** ғимараттың сыртқы аумағын, кіреберіс жолдарын және мекеме периметрін толық қамтиды. Бейнебақылау жүйесі бейнежазбаларды сақтау мүмкіндігімен қамтамасыз етілген және уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес жұмыс істейді.

Сонымен қатар, балабақшада орталықтандырылған бақылау пультіне қосылған күзет дабылы жүйесі орнатылды. Төтенше жағдайлар туындаған кезде жедел әрекет ету тобын шақыруға арналған дабыл түймесі жұмыс істейді. Дабыл сигналы түскен жағдайда күзет қызметінің қызметкерлері белгіленген уақыт ішінде нысанға келіп, тиісті шараларды қабылдайды. Күзет жүйесіне техникалық қызмет көрсету тұрақты түрде жүргізіледі.

Мекемеде келушілердің кіруін бақылауға арналған қоңырау жүйесі, сондай-ақ төтенше жағдайларда адамдарды жедел хабардар етуге арналған хабардар ету жүйесі орнатылды және тұрақты жұмыс істейді.

Осылайша, балабақшада тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі және сыртқы бейнебақылау, дабыл түймесі, қоңырау және хабардар ету жүйелері толық көлемде жұмыс істейді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, “ Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар” бөлімінің 20-тармағы бойынша нәтиже - **“үлгілі” - 5 балл.**

6.Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар.

1.УОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармашылардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышы ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшада жұмыстар өз жалғасын табуда. Балабақшада балаларға «Балаларға базарлық» тақырыбында, «Кітап біздің досымыз» бұрышында кітаптың пайдасы туралы мағлұматтар берілді.

Әр топтың тәрбиешілері үшін жас ерекшеліктеріне сай оқу-әдістемелік кешендерімен жабдықталған. Барлық топтардың оқу-әдістемелік кешендер анықтамаға қоса жалғанған 5 қосымшада көрсетілді.

Балабақшада үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепалды даярлық топтарының тәрбиеленушілері үшін *"Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер*

бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес оқу-әдістемелік кешендерді бар, сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 114-НҚ бұйрығына 1-қосымша, " Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар" бөлімінің 21-тармағы бойынша нәтиже - **"үлгілі" - 5 балл.**

2.Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы.

Талдау қорытындылары:

Балабақшада ауладағы ойын алаң және топтарға арналған жазғы шатырлар өз дәрежесінде жабдықталды. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар көлеңкелі қоршау орындығымен гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталды. Балабақшада арнайы бөлмелері: тұзды шахта бөлмесі, музыка залы бар.

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық бұрышы», «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папкалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық», «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш», «Ойыншықтар сөр есі», «Кітап бұрышы», «Табиғат бұрышы», дамытушы кеңістік орта жасақталды.

Балабақшада мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, зияткерлік, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында заманауи дамытушы ойын технологиялары кеңінен қолданылады. Аталған әдістер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға бағытталды. Мысалы; В.В.Воскобовичтың ойын әдісі, Н.А.Зайцевтің текшелері, Ф.Фребель ойын құралы, Денеш ойын құралдары, «Әуенді кесте», т.б.

В.В. Воскобовичтың дамытушы ойын технологиясы балалардың логикалық ойлауын, қиялын, зейінін және ұсақ моторикасын дамыту мақсатында пайдаланылды. Аталған әдіс арқылы тәрбиеленушілер түрлі түстерді, пішіндерді, кеңістікті бағдарлауды меңгереді және тапсырмаларды өз бетінше орындауға дағдыланады.

«Геоконт», «Сиқырлы шаршы», «Игровизор» сияқты ойын элементтері арқылы балалардың математикалық түсініктері қалыптасып, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдылары дамиды. Ойын барысында балалардың қызығушылығы артып, танымдық белсенділігі күшейеді.

Н.А.Зайцевтің текшелері әдісі мектепке дейінгі ұйымдағы сауат ашу жұмыстары барысында тиімді қолданылуда. Бұл технология арқылы балалар дыбыстар мен буындарды жылдам қабылдап, оқуға деген қызығушылығы қалыптасады.

Текшелердің көлемі, түсі және дыбыстық ерекшеліктері балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, көру, есту және қимыл арқылы білімді қабылдауына мүмкіндік береді. Әдіс балалардың дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорын молайтуға ықпал етеді.

Фридрих Фребельдің дидактикалық ойын құралдары тәрбиеленушілердің шығармашылық және конструктивтік қабілеттерін дамытуда маңызды орын алады. Ойын барысында балалар әртүрлі пішіндер мен құрылымдарды құрастырып, кеңістіктік ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Фребель материалдары арқылы балалардың ұсақ моторикасы, қол үйлесімділігі, эстетикалық талғамы және шығармашылық белсенділігі дамиды. Сонымен қатар бірлескен әрекет барысында қарым-қатынас мәдениеті мен ұжымдық жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

Денеш блоктары балалардың логикалық ойлауын, математикалық түсініктерін және аналитикалық қабілеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Түрлі түсті, әртүрлі көлемдегі және пішіндегі блоктар арқылы балалар салыстыру, топтастыру, жіктеу, сәйкестендіру сияқты әрекеттерді орындайды.

Бұл әдіс балалардың зейінін, есте сақтауын және ойлау икемділігін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеруге және логикалық тапсырмаларды шешуге қызығушылықтарын арттырады.

«Әуенді кесте» әдісі балалардың тілін дамыту, есте сақтау қабілетін жетілдіру және музыкалық ырғақты сезіну дағдыларын қалыптастыру мақсатында пайдаланылады. Бұл технология арқылы балалар ән айту, дыбыстарды ажырату, сөздерді дұрыс айту және ырғақпен қимылдау әрекеттерін орындайды.

Әуен арқылы берілген ақпарат балалардың есте сақтау қабілетін арттырып, сөйлеу тілінің дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар әдіс балалардың эмоциялық көңіл күйін көтеріп, оқу қызметіне қызығушылығын арттырады.

Балабақшада қолданылатын дамытушы ойын технологиялары тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, шығармашылық және танымдық қабілеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Педагогтер инновациялық әдістерді оқу-тәрбие процесінде тиімді қолданып, балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Мектепалды тобы үшін:

Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:

Құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Қимылды ойындар атрибуттары: «Аюдың апанында», «Мысық пен тышқан», «Жұбын тап», «Түрлі-түсті көбелектер», «Көлшік», «Қасқыр мен қояндар», «Құстар», «Қояндар», «Автобус», «Өрт сөндірушілер», «Паравоз».

Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер. Кітап бұрышы. «Ертегілер елінде», «Зерделі ертегілер», «Бала мен Қарлығаш», «Әйбат ертегілер», «Әдеп», «Қазақ халық ертегілері», «Табылған амал», «Бремен музыканттары», «Ауылдық тышқан мен қалалық тышқан» қазақ халық еретгісі, «5 ертегі» кішкентай балаларға арналған, «Бәсіре» балаларға арналған сөзтаным кітабы, «Атамекен» сиқырлы елінің аңыздары, «Қорқақ қоян», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Жыл мезгілдері», «Қойшы бала», «Жалқау қоян» ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы, «Балабақшадағы мерекелер» ән жинағы.

Альбом, жұмбақтар, өлеңдер, тақпақтар, санамақтар жинақтары, Сөйлейтін әліппе.

Сюжеттік рөлдік ойындар: «Дүкен», «Сән салон», «Асхана», «Құрылысшы», «Тігінші», «Жол полициясы», «Киіз үйде», «Дәріхана», «Ертегілер елінде».

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары. Түрлі түсті қасықтар, қайшылар, жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі-түсті құм салғыштар, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар, ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, домино, мозайка, сандар әлемі, фетрден жасалған көрнекіліктер.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту. Магнит тақта, түтікшелер, шырша жемістер, құм салғыштар, құм сағатар, ұннан жасалған күлшелер, жаңғақ шаққыш, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар, тігін машинасы, пераминалар, құрастырғыштар, жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш, тақтайшалар, ермексаз, борлар, трафареттер, музыкалық ойыншықтар.

